

Сапарғалиева С.Ж.
**«Мәңгілік ел» философиясы –
жеті қадам**

«Мәңгілік Ел» идеясы отандық ғылым жүйесінде жаңа тұжырымдар мен ұсыныстар жасауды қажет етуде. Ұлттық идея мен қазақстандық патриотизмнің жаңа үлгісі «Мәңгілік Ел» ұғымын қоғамдық санада қалыптастыру үшін ұлттық-дүниетанымдық ұғымдар жүйесін бірізділікке түсіріп, арнайы пәндік жүйе қалыптастыру қажет. Осыған орай, мақалада бірнеше ұсыныстар қарастырылған. Солардың бірі отандық жоғары оқу орындарындағы білім алушы жастарға қоғамдық ғылымдардың гуманитарлық саласы бойынша арнайы пәндер енгізу. Қазақ дүниетанымындағы: дәулет, байлық, игілік, жомарт, іскерлік, сабақтастық ұғымдарының әлеуметтік мәнін ашу. Осы мақсатта академик Ғарифолла Есімнің жеті қадамнан тұратын «Мәңгілік Ел» философиясы деп аталатын авторлық жаңа бағдарламасы ұсынылып отыр. Мақалада айтылар ойдың негізгі өзектілігі де осы мәселе туралы.

Түйін сөздер: ұлттық идея, «Мәңгілік Ел», дәулет, жомарттық, игілік, іскерлік, сабақтастық, «жақсы қазақ».

Sapargaliyeva S.Zh.
**The Philosophy of «Mangilik El» –
seven steps**

The significance of the article is domestic high educational institutions aim to introduce humanitarian field of social sciences for young learners. Moreover, in order to entrench the notion of «the Mangilik El» in the society's minds, we have to make the system of national world vision concepts more consistent, put in order and enhance its position firmly in the humanitarian knowledge sphere. The notion of «the «Mangilik El» requires new concepts and suggestions in the country's science system. In this respect, a scholar Garifolla Yesim reviews some new ideas in his new program called «The philosophy of «the Perpetual Country» that consists of seven steps». In order to reveal the social meanings of notions like wealth, richness, prosperity, generosity, business skills that are pertaining to Kazakh mindset, a new subject area is to be introduced in our system of knowledge. The overwhelming message of the article is discussion around the stated topic.

Key words: national concept, «Mangilik El» wellness, prosperity, generous, enterprising, continuity, «Jaqsy Qazaq».

Сапарғалиева С.Ж.
**Философия «Мәңгілік Ел» –
семь ступеней**

Актуальность данной статьи состоит в том, что она направлена на внедрение специальных гуманитарных дисциплин для студентов, обучающихся в отечественных высших учебных заведениях. В то же время для формирования в общественном сознании понятия «Мәңгілік Ел» необходимо систематизировать и сделать более последовательной систему национально-мировоззренческих понятий и прочно закрепить ее в области гуманитарных знаний.

Идея Послания «Мәңгілік Ел» требует внесения новых концепций и рекомендаций в отечественную систему науки. С этой целью в статье рассмотрены основные идеи новой авторской программы академика Ғарифоллы Есима под названием «Философия «Мәңгілік Ел» – семь ступеней», главной целью которой является формирование системы специальных дисциплин в отечественной системе образования посредством раскрытия социального значения понятий миропонимания казахов, как игілік (благо), жомарттық (щедрость), іскерлік (предприимчивость), сабақтастық (преемственность), жақсы қазақ, ұлттық код (национальный код). Основная мысль статьи построена в рамках изучения данного вопроса.

Ключевые слова: национальная идея, «Вечный народ», благосостояние, благо, щедрость, предприимчивость, преемственность, жақсы қазақ.

**«МӘҢГІЛІК ЕЛ»
ФИЛОСОФИЯСЫ –
ЖЕТІ ҚАДАМ**

ХҮШ ғ. немістің классикалық философиясының негізін салушылардың бірі И. Кант адам зердесін танымдық тұрғыдан саралай келе: «Адам білімінің қайсысы болмасын, түйсіктен басталып, түсінікке ұласып, идеямен аяқталады» – деп, өз ойын түйіндеген еді. Осы бір қарапайым сөз тіркестері «идея» түсінігінің мәнін және қалыптасу жолдарын қысқаша түрде нақты бере алады. «Идея» (грек. idea – түсінік, елес, бейне) теориялық жүйенің, логикалық құрылымның, соның ішінде дүниетанымның негізінде жатқан анықтаушы түсінік мағынасында қолданылатын философиялық ұғым.

Қандай да бір қиындық пен құлдыраудан кейін халықтың басын біріктіріп, ұйытқы болатын мүдде – ол ұлттық идея. Ұлттық идея қандай да бір тапқа немесе топ мүддесіне бағынышты емес. Өйткені, ұлттық идея нақты саяси немесе әлеуметтік форманың шеңберінде көмкеріліп, тұйықталып қалмайды. Осы тұрғыдан алғанда ұлттық идея концептінің семантикалық мәніне үніліп, бірқатар қағидаларын атап өтуге тура келеді:

Ұлттық идея дегеніміз – жаңартулар (инновации) енгізу және дәстүрлерді трансляциялау, әлеуметтік және жеке тәжірибенің мәндік формалары ретінде ой елегінен өткен және өзара байланысқан құндылықтық, нормативтік, мақсаттық универсалийлер жүйесі;

Ұлттық идеяның көрінісі – қауымдастықтағы индивидтердің интеграциялық өзіндік механизмін ой елегінен өткізу арқылы болмыстың мәнін қабылдау ерекшелігі. Ұлттық идея – адамдардың ішкі рухани дүниесімен астасып жатады.

Ұлттық идеяның міндеті – мәдени қоғамның негізін құрайтын құндылықтарды нығайту арқылы ұйымдасқан және жүйеленген формалар мен құрылымдардың экономикалық нәтижелілігін, әлеуметтік мақсатқа бағыттылығын бағалау және анализдеу. Бүгінгі таңдағы ұлттық идея ұғымы ғаламдық кеңістікте қақтығысып жатқан мәдени әлемнің, менталитеттің адамзаттық контекст сұхбатындағы аймақтық онтологиясын, «ұлттық жолдың» өзіндік болмысын түсіндіру арқылы этнофилософиялық дәстүрдің сақталуына жауап беруі керек.

Қандай қоғамда болмасын ұлттық идеяға деген қажеттілік әрқашанда болған. Мысалы: социализмдік құлдыраудан кейін біреулерге ұнасын, ұнамасын олардың мүдделерінен тәуелсіз

адамдарды біріктіретін және байланыстыратын негізгі күш ұлттық идея болды. Ал, қазақтың ұлттық идеяға негізделген төлтума мәдениетін қалпына келтіру үшін, ең алдымен оның дүниетанымдық негізін, қоғамдық санасын қалыптастырып алуымыз керек. Бұл ізденіс нақты өмірде Батыс пен Шығыстың, дәстүршілдік пен қазіргі заман ағымының, мұра мен жаңашылдықтың, парасат мен ақылдың, дін мен өмірдің, сенім мен атеизмнің арасындағы қайшылықтардың аясында өтіп жатыр. Ал, таным саласында бұл мәселе сенім мен білімнің, ой мен қимылдың, руханилық пен ақыл-парасаттылықтың, даналық пен құдіреттіліктің, адамның діни еркімен өзіндік еркі арасындағы қайшылықтардан көрінеді. Ұлттық сана, ұлттық рух, өркениеттік сана ұзақ уақыт бойы қалыптасады. Ұлттық идея халық санасында тарихи ретроспективада, түсініктер мен рәміздерде елдің әр азаматының рухына сай біріктіруші парадигма ретінде құрылады. Өркениеттік даму концепциясын өмірге әкелу оны ұлттық бірегейліктің моделі, татулық пен бірліктің рәмізі, әлеуметтік келісім, өркениет бағдары ретінде қарастыруға болады.

«Мәңгілік Ел» идеясы – Қазақстан үшін ұлттық идеяның бүгінгі көрінісі, сондай-ақ қазіргі заманға сай аталу формасы. Оның мазмұнын ашуда тың түсініктер керек, олардың біразын атап айтсақ: өркениеттік сана, өркениеттік тұрмыс, әлем халықтарының өркениеттік үдерістерін қабылдай білу және соған бейімделе отырып, елдік құндылықтарымызға жаңа сапалық өріс ашу.

Қазақ елі – мәңгілік. Бұл – ұлттық идея. Елдің мәңгілігін армандаудан асқан қандай асқақ идея болмақ. Әрбір жеке адамның ғұмыры өлшеулі болғанымен, ол ұрпағымен мәңгілік. Сондықтан бұл болашаққа бастайтын, келешекке деген нық сенім қалыптастыратын идея [1, 232б.].

«Мәңгілік Ел» идеясы – бұл қазақ халқының саяси этникалық бірігуінің, ұлттық тәрбиенің, ұрпақтардың рухани сабақтастығының, өз тәуелсіздігін және мәдени дәстүрлерді сақтаудың жаңа концепциясы. Мәңгілік Ел идеясын қайта жаңғырту арқылы Қазақ мемлекеті өзін баяғы Дала империяларының мұрагері, көне мемлекеттілік дәстүрлердің жалғастырушысы деп жариялауда. Алайда мемлекеттілік дегеніміз, тарихта өз мемлекетін құра білген халықтардың даму деңгейімен де өлшенеді. Әрі мемлекеттің дамуы мен қызметін ұйымдастыруға қажет идеялар мен тұтастай жүйесін де «мемлекеттілік» деп бағалайды, бірқатар сарапшылар. Демек, «Мәңгілік Ел» идеясы ұлттық-мемлекеттік идеяның негізі,

іргетасы десек те болады. Ең бастысы, бұл идея елдің өткеніне ғана қатысты емес, болашағына да қызмет ететін идея [2].

Күлтегін сыйлығының лауреаты, профессор Сатай Сыздықов «Мәңгі ел» идеясының қалыптасуы тарихын мынадай деректермен жіктеп көрсетеді. Ғалымның пікірінше, «Мәңгілік Ел» идеясының үш негізден немесе үш тұғырдан тұрғаны анық. Біріншісі – Түркі қағанаты билеушілерінің (Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк) саяси акт – «манифест» ретінде әзірлеп, тарих сахнасына шығаруы; екіншісі – әл-Фарабидің философиялық шығармашылығында идеяның теориялық-философиялық тұрғыдан негізделуі және үшінші – Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дидактикалық дастанында құқықтық мемлекеттің негізгі қағидаларының, яғни Ата Заң іргетасының қалануы.

Алғаш рет «Мәңгілік Ел» идеясы Шығыс Түрік қағанаты әскерінің бас қолбасшысы Күлтегінге арнап қойылған бітіктаста түркі еліне жария етілген. Күлтегін ескерткішіндегі жазудың сол жақ бетінде: «Өтікен жынысында отырсаң мәңгі ел тұтып отырар ең» – деп айтылған. Тұра осы сөздер Білге қаған ескерткішінің екінші ұстынының сол жақ бетінде «ел» сөзінің бір сөйлемде екі рет қайталануы арқылы берілген: «ел де ел болды» [3]. Жоғарыда айтылғандай, «Мәңгілік Ел» идеясы ежелгі түркілердің өз заманында туған үш тұғырдан, яғни үш негізден туады. Бұл үш негіз бір-бірімен тығыз байланысты, бір заманның жемісі және өзіне дейінгі бабалар мұратымен жалғаса отырып, кейінгі ұрпақтарының құрған мемлекетшілдік идеяларымен сабақтасады. Көне түркілер аңсаған «Мәңгілік Ел» шын мәнісінде бүгінгі біздің түсінігіміздегі мемлекет.

Қазақтың ғасырлар бойғы арманы, қиялы саяси шындыққа айналды, егеменді ел атанды. Тәуелсіздік, егемендік деген ұғымдар қоғамдық санаға сіңе бастады. Ел болу үрдістері басталды. Мемлекет және оның институттары, Үкімет жүйесі, Парламент жүйесі қалыптасты. Ел болудың аса маңызды мәселесі ол мемлекеттің рухани қуаты. Бұл жөнінде Тұңғыш Президенттің «Мәдени мұра» (2004 ж.) деген бағдарламасы іске асырылды. Бағдарламаға сай, қазақ халқы өзінің жоғалтқан рухани құндылықтарын, ұмыт болған тарихи тұлғаларын, тоналған мәдени жәдігерлерін жинастырумен мемлекеттік деңгейде шұғылдана бастады. Қоғамдық сананың екі ерекшелігі бар: бірі – сананың болмыстан алға кетуі, екіншісі – сананың консервативті болуы. Қазақ елінде осы екі үрдіс бірге өмір сүруде. Философиялық білімде сананың шартты түрдегі дер-

бестігі деген ұғым бар. Сананың болмыстан не қалып, не асып кететін дербестігі ғылымда белгілі мәселе. Олай болса ел болу мен елдік сана арасында алшақтық бар ма, болса ол қалай көрініп отыр дегенге жауап іздеу – бүгінгі қоғамдық білімдердің басты мәселесінің бірі. Елдік сана өлшемі – «Қазақ елі – мәңгілік» деген ұғыммен анықталады, бірақ осы идеяны жүзеге асыру технологиясы қалай, кімдерге ұқсап елімізді мәңгілік етуіміз қажет дегенде үлгі іздеушілік те бар. Демек, үлгі іздегеннен гөрі, өркениетті елдердегі үрдістерді сабақ ретінде алып, өз жолымызды анықтасақ деген ойдың дұрыстығын Қазақстанның өзіне тән өркениеттік тыныс-тіршілігі анық байқатып келеді.

Жаңа жол – қазақстандық жол, ол қандай? Шетелдіктер айтып жатқан қазақстандық жол, ол қандай жол? Еуразиялық өлшем нендей мақсат-мұраттарды аша алмақ? Осы уақытқа дейін «Мәңгілік ел» идеясының негізін салған «Көне түркі жазба ескерткіштері» әл-Фараби мен Жүсіп Баласағұнның мұраларын сол ғұламалардың өмір сүрген заманымен ғана байланыстырып зерделедік. Енді кейінгі ұрпақ егеменді мемлекет құрып, азат санаға ие болған кезде бабаларымыз іргетасын қалап кеткен «Мәңгілік ел» идеясының теориялық негіздері мен оны ұлттық тарихымыздағы хандар мен билер, Абай мен Алаш азаматтары және де егеменді мемлекетіміздің Елбасы, Ұлт Көшбасшысы Н.Ә. Назарбаев пен қазақ қоғамындағы зиялылардың іс жүзінде жалғастырып отырғандығын біртұтастықта, сабақтастықта зерделеуіміз қажет.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол» атты 2015 жылға арналған Қазақстан халқына Жолдауында: «Мәңгілік Ел» идеясының бастауы тым тереңде жатыр. Осыдан 13 ғасыр бұрын Тоныкөк абыз «Түркі жұртының мұраты – Мәңгі Ел» деп өсиет қалдырған. Бұл біздің жалпыұлттық идеямыз мемлекеттігіміздің тамыры сияқты көне тарихтан бастау алатынын көрсетеді», – деп қадап айтты [4]. Демек, «Мәңгілік Ел» идеясы отандық ғылым жүйесінде жаңа тұжырымдар мен ұсыныстар жасауды қажет етуде. Сондықтан осы мақалада айтылған ойдың негізгі арнасы да осы мәселе төңірегінде өрбімек.

Президентіміздің жыл сайынғы Қазақстан халқына жолдауын кафедра оқытушылары арасында ойталқыға салып, өзіндік жаңа тың пікірлер мен көзқарастарды ғылыми аудиторияға жария ету біздің факультетімізде дәстүрге айналған. Биылғы жылы да осы дәстүр академик Ғарифолла Есімнің жеті қадамнан тұратын «Мәңгілік Ел» философиясы деп аталатын авторлық жаңа

бағдарламасын кафедраның оқытушы-профессорлар құрамына ұсынуымен жалғасын тапты. Бағдарлама мақсаты келешек буынның жаңаша ойлауына ықпал етіп, бәсекеге қабілетті ел азаматтарын қалыптастыру жолдарын анықтауға негізделді. «...Болашақ, ол біздің келешегіміз болғандықтан оған жетуіміз керек, ол жүріп өтетін жол. Қазақ халқы жүріп өтетін жолды қадаммен өлшейді. Сондықтан осы мәңгілік елдің жеті қадамын анықтап алуымыз қажет» – деген оймен жаңа бағдарламаның негізі қаланды. Бұл идея ХХІ ғ Қазақ философиясының даму тарихындағы жаңашыл ойлардың туындысы. Өзімізге мәлім тәуелсіздік жылдарындағы Қазақ философиясы қайта жаңғыру үдерісін бастан кешірді. Ал тәуелсіздік алғаннан кейінгі жиырма төрт жыл ішінде ұлттық философия, «Тәуелсіз Қазақстан философиясы», «Қазақ елі – мәңгілік» идеясымен ұштастырылды.

Академик Ғарифолла Есімнің дәрістерін тыңдауды дәстүрге айналдырғаным астам уақыт болыпты. Осы жолы да «Жақсы қазақ және Мәңгілік ел философиясы» пәнін оқу маған бұйырды. Бұл пәнді оқу барысына үлкен дайындықпен келдік. Академиктің дәріс оқудағы шеберлігі маған жылдан-жылға шындала түскендей. Себебі, ғалымның алдына барғанда үлкен дайындықпен баратынбыз. Қолымызда аудиобаспа (диктофон) және дәрісті жазып алуға қажетті құралдардың барлығын сақадай-сай қылып алып барамыз. Ежелгі грек классиктері Сократ, Платон, Аристотель сынды ғұламаларымыз шәкірттерін айналасына жинап алып, сұхбат жүргізу арқылы пәлсапалық ой-толғамдарын насихаттағаны тарихтан мәлім. Ғарифолла Есімұлының да философиялық мектебінің негізі ұстанымы да осы қағидаға негізделгендей. Әрдайым жаңа ойлармен идеяларға толы, әрі үнемі ізденісте жүретін ғалымның осы бір қасиетіне қызығушылықпен қараймын. Дәл осы кезең ғалымның «Мәңгілік ел философиясы» төңірегінде ой өрбітіп, жаңа идеяларымен бөлісіп, «Қазақ елі философиясы» туралы пікірінің пісіп, жетілген уақыты еді. Бұлай айтуымның себебі де бар. Осыдан біраз жыл бұрын, біз ол кезде аспирантурада ағайдың дәрістерін тыңдап жүрген кезіміз. Ол 2003 жылдар, міне сол уақытта ағай аспиранттарына оқыған дәрістерінде «Қазақ елі», «Қазақстандық өркениет», «Мәңгілік ел», «Жақсы қазақ» туралы ұғымдарды жиі келтіретін. Бүгін қарап отырсам, ғалым осы тақырыпқа тыңғылықпен, мұқияттылықпен, біраз жылдардан бері зерттеп, зерделеп келген екен. Сол идея бүгінгі таңда жүзеге асып, заман талабына сай

қазіргі студенттерге қажет арнайы жаңа курстардың қажеттілігін туындатып отыр. Осы жолғы сұхбатымыз сол ойдың негізінде туындаған жеті пәннің болашақта жоспарға енгізілуін қолға алу қажеттігі төңірегінде өрбіді.

«Мәңгілік ел» бағдарламасының бірінші қадамы «дәулет» ұғымын әлеуметтік-философиялық тұрғыдан негіздеу. Дәулет философиясының негізгі ұғымдары: кедейлік, байлық, ізгілік, дәулет, жомарттық. Дәулет ұғымы ата-бабаларымыз мен ақын-жырауларымыздың ой толғауларында қандай көрініс алған? Мақалдар да, жыраулардың ғибратты өсиеттері мен шығармаларында ол турасында не айтылған? Соның барлығын құрылымдық жүйелеуіміз керек. Байлық дегеніміз пейіл, ниеттің тарылмауы. Қазақ айтады: «..пейілі кең адамға құдай береді». Пейілдің кеңеюі, ниеттің тарылмауы – байлықтың басы. Байлық дегеніміз молшылық. Молшылық дегеніміз кісі мен кісі арасындағы айырбас. Ал, кісі мен кісінің арасында жүретін ұғым ізгілік. Екінші қадамы неопрагматизм негізінде қазіргі іскер қазақ бейнесін қалыптастыру. Қазақ дәулетті болуы үшін іскерлік қажет. Іскерлікті туындату үшін прагматикалық философияның қажеттілігі туындайды. Ол үшін іскерлікті дамытатын пәндерді енгізу көзделеді. Үшінші қадамы дәстүрді мәдени тұрғыдан жаңаша зерделеу. Демек, дәстүрсіз ел болмайды. Біз дәстүрді жоғалтып алсақ мәңгілік ел болмаймыз. Төртінші қадамы – бүгінгі қоғамдағы қазақ қызы рөлінің өзектілігін айқындау. «Қазақ қызы» – бұл тақырып кімді қызықтырмайды. Ғалымның барлық жұмысы Таңсұлудан бастап, Ғазизаға дейін осы мәселеге арналған. «Жақсы қазақ», «Мәңгілік ел», «Қазақ қызы» деген ұғымдарды аудармасыз беруіміз қажет. «Қазақ қызы» деген түсінік тек қазақ менталитетіне қатысты ұғым. Бұл ұғым туралы қазақтар түрлі ойға беріледі. Қазақ халқы үшін «Қыз», «Қыз бала» ұғымының астары терең. Десек те, қазақ халқы менталитетіндегі әйел бейнесін танып білудің тағы бір көзі – сол ұлттың ғасырлар бойы жинаған, тарих сындарынан сүрінбей халықпен бірге жасасып келе жатқан, оның ұлттық нышаны мен бет әлпетін өзгеден ерекше етіп көрсететін салт-дәстүрі, мақал-мәтелдері, шежіресі, шешендік толғаулары, аңыз ертегілері, фольклоры, діні, айтысы, сөз өнері, ауыз әдебиеті, жалпы мәдениеті, тұрмыс-тіршілігі, өмір-салты. Бұл салада дәстүрлі ұлт менталитетіндегі әйел болмысын, образын ашуға үлкен септігін тигізіп, өзіндік үлес қосқан жазушыларымыз бен мәдениетзерттеушілерінің еңбектері жеткілікті. Бір сөзбен айтқанда, қазақтың дәстүрлі мента-

литетінде қыз балаға болашақ ана ретінде қарау, оны осы бағытта тәрбиелеу дәстүрінің маңызы зор. Жалпы, қазақ халқы менталитетіндегі қазіргі заман талаптарына сай әйел болмысының өзгеру үдерістері философия тұрғысынан енді ғана талдану үстінде [5, 133-134 бб.]. Бесінші қадам – буындар арасындағы сабақтастық мәселесін ғылыми тұрғыдан жүйелеу. Сабақтастықтың негізгі факторы ата, ұл, немере. Ел бірлігі үш ұрпақтың арасындағы сабақтастықта. Алтыншы қадамы қазіргі заман қажеттілігінен туындап отырған инновациялық ойлаудың логикасын жетілдіру. Жетіншіден, «жақсы қазақ» идеясын қалыптастыру. «Жақсы қазақ» инновациялық ұғым, «жақсы қазақ» – ел имиджі. Ел имиджін көтеру дегеніміз жақсы ниетпен еңбектену, әрдайым жаңаны табуға тырысу. Осы идеяларды іске асыру үшін жоғарғы оқу орындарында арнайы пәндік жүйе қалыптастырып, білім алушыларға «Іскерлік философиясы», «Дәулет философиясы», «Қазіргі іскер қазақ бейнесі және неопрагматизм философиясы», «Дәстүр философиясы», «Қазақ қызы болмысы және бейнесі», «Сабақтастық философиясы», «Жаңаша инновациялық ойлау қазіргі заман қажеттілігі», «Жақсы қазақ және Мәңгілік ел философиясы» пәндерін енгізуіміз қажет. Бұл пәндер студенттердің жаңаша ойлауына ықпал етіп, мақсатты түрде бағдар береді. Осы орайда пәннің оқытушылары кімдер, оқулығы даяр ма, тіптен бағдарламасы кешенді түрде жасалды ма, қай маман бұл пәнді толыққанды жүргізе алады деген орынды сауалдар туындайды. Бұл гуманитарлық мазмұндағы пән, демек оған даярлығы бар мамандар да сол гуманитарлық, қоғамдық білім салаларынан шықпақ.

«Мәңгілік ел» ұлттық идеясын қоғамдық сана тұрғысынан қалыптастырып, мазмұнын ашу үшін жоғарыда айтып өткеніміздей тың түсініктер керек. Атап айтсақ, қазақ дүниетанымындағы дәулет, байлық, игілік, жомарттық, іскерлік, сабақтастық, «жақсы қазақ» ұғымдарының әлеуметтік мәнін айқындап алуымыз қажет. Қазақ елінің мәңгі болуы үшін ата-бабаларымыздың қалыптастырған дүниетанымдық ұғымдарын қайта жаңғыртып, қалпына келтіруіміз керек. Ең алдымен, қазақ елі еш елден кем болмайтындай, бай, ауқатты өмір сүруі үшін әуелі сананы байытуымыз қажет. Сананың бай болуы байлықтың өзегі. Қазақтар ежелден сананы байытудың технологиясын жақсы білген. Олар балаларына Назарбай, Құнанбай, Бөгенбай, Наурызбай, Сұлтан, Бек, Мырза деп ат қойған. Кейіннен кеңестік дәуірде бәрі өзгерді, бай атауы жағымсыз ұғым ретінде айтылды. Енді осы мағыналы есімдер-

ді қайта жаңғыртуымыз қажет. Балаға берілетін есім үлкен үмітпен қойылады, ал үміт арманға айналады. Байлық жомарттық арқылы ізгілікке жұмсалғанда дәулетке айналады. Жақсы адамның бір қыры – оның жомарттығы. Бүгінгі ұрпақты жомарттық санаға тәрбиелеуіміз керек. Жомарттықтың түбінде ізгілік, елге деген отаншылдық, сүйіспеншілік жатыр. Мәңгілік елдің негізі – жақсы қазақ. Жақсы қазақтың жаны жомарт болуы шарт. Жомарттықтың үш арнасы бар: дәулет, рухани жомарттық, діни сауаттық. Біріншісі, материалдық дүниеге байланысты, екіншісі рухани яғни, ғылым, білім, үшіншісі дін. Діндегі жомарттықты Абай арқылы түсіндіруіміз керек. Ол үлкен мәселе. Абай осы мәселеге «үш сүйеу», «имани гүл» арқылы түсіндіреді. Имани гүлсіз дін жомарттығы болмайды. «Имани гүл» дегеніміз не? Ол – жаратушыны сүю, ол парызың, екіншісі, адамзат баласын сүй бауырым деп, нақ жолы әділетті. Осы үш сатыдан өткеннен кейін барып, адам жанына жомарттыққа деген жол ашылады. Осы үшеуін бекітпей, бес парызды орындау ол дұрыс емес. Абайша айтқанда, осы үш сатыны меңгермей, діни жомарттықты игеру мүмкін емес.

Дінге ену дегеніміз жан жомарттығын қажет ететін феномен.

Жақсы қазақтың қадамдары: іскерлігі, өзінің дәстүрін сақтау, қазақ қызына деген құрметі, ұрпақтар сабақтастығын жалғастыру және жаңаша ойлау. Жақсы қазақ – ол толық адам. Жақсы қазақ туралы айтқанда Абайдың толық адам идеясын айтуымыз қажет. Нұрлы ақыл, жылы жүрек, ыстық қайрат. Осы тұста Шәкәрімнің «Айқап» журналына жариялаған бес сауалының бірі «Жақсы адам деген кім?» деген сауалымен ұштастыруымыз қажет.

Сонымен, көне тарихтан бастау алған ұлттық идеямыз қазірде тарихи сабақтастықты бастан кешіріп, тәуелсіз мемлекетіміздің рухани тұрғыдан тұрақты даму ресурсына айналып отыр. Демек, қоғамдық санада «Мәңгілік ел» ұғымын қалыптастыру үшін ұлттық-дүниетанымдық ұғымдар жүйесін бірізділікке түсіріп, жүйелеп, гуманитарлық білімдер саласында мықтап орнықтыруымыз қажет. Ұлттық бітім-болмысымызға білім арқылы сіңген өзіндік философиялық жаңа ұғымдар жүйесі сонда ғана қалыптаспақ.

Әдебиеттер

- 1 Есім Ғарифолла. Саяси философия. Ойлар, тұжырымдар. – Алматы. Ел шежіре. – 2006. – 256 б.
- 2 Қарин Е. Ұлттық идеологияның темірқазығы – мемлекеттілік // Егемен Қазақстан. 31 қазан. – 2014. – 7 б.
- 3 Сыздықов С. Мәңгілік Ел // Егемен Қазақстан. 4 желтоқсан. – 2014. – 5 б.
- 4 «Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол». Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2011 жылғы 11 қараша.
- 5 Адаева Г., Бөрібаев Т., Даньсбекөва Қ. Қазақ мәдениетіндегі әйел бейнелері. – Астана: Мастер ПО жшс, 2014. – 194 б.

References

- 1 Esim Farifolla. Sajasi filosofija. Ojlar, tyzhyrymdar. – Almaty. El shezhire. – 2006. – 256 b.
- 2 Қарин Е. Ұлттық идеологияның темірқазығы – мемлекеттілік // Егемен Қазақстан. 31 қазан. – 2014. – 7 б.
- 3 Сыздықов С. Мәңгілік Ел // Егемен Қазақстан. 4 желтоқсан. – 2014. – 5 б.
- 4 «Nұrly Zhol – bolashaqqa bastar zhol». Qazaqstan Respublikasynың Prezidenti N.Ә. Nazarbaevtyң Qazaqstan halkyna Zholdauy. 2011 zhylyfy 11 qarasha.
- 5 Adaeva G., Bөribaev T., Danysbekova Q. Qazaq mädenietindegi әjel bejneleri. – Astana: Master PO zhshs, 2014. – 194 b.